мии сильное влияние оказывает семья, друзья и товарищи, с которыми ученики общаются вне школы. Организуя воспитательную работу, учителя, классные руководители, военные руководители, активисты школы не могут не учитывать все эти влияния на старшеклассников. При организации военно-патриотического воспитания необходимо учитывать не только возрастные но и типологические особенности школьников. Без знаний и учёта направленности, особенностей темперамента, характера, способностей каждого школьника, влияний на него школы, семьи и общественности нельзя рассчитывать на успех в воспитании.

3. Опыт педагога, его мастерство

Опыт и мастерство, как известно, приходит не сразу и не само по себе. Им надо настойчиво овладевать, анализируя свою работу, опыт своих коллег, переломить этот опыт через свои жизненные наблюдения, взгляды. Особенно это относится к преподавателю курса начальной военной подготовки. Я считаю, что должен не только передавать знания учащимся, но и способствовать формированию их взглядов и убеждений осознанной решимости защищать Родину.

Построение перед уроком. Некоторые военруки недооценивают воспитательное значение этого элемента, считая, что лучше использовать это время на что-то другое. Построение способствует психологической перестройке школьника, настраивает его на особый урок, в течении которого, пусть ограничено действуют воинские уставы,



особые взаимоотношения между учителем и учеником. И от того, как мы будем проводить построение, требовать соблюдения уставных элементов, зависит представление школьника о реальных условиях будущей воинской службы. Обогащение учащихся знаниями особенностей службы в армии, высокая требовательность стимулирует положительное отношение старшеклассников к уроку начальной военной подготовки и являются серьёзным резервом повышения качества и эффективности военно-патриотического воспитания школьников.

4. Если завтра в поход

Важной формой улучшения физической и военно-технической подготовки молодёжи являются ежегодные пятидневные сборы, которые проводятся непосредственно в воинских частях, где учащиеся тесно связаны не только с правилами военной службы и приобретения ими навыков стрельбы и других элементов военной службы, но и знакомит их с жизнью и бытом военнослужащих. Учащиеся сталкиваются с такими бытовыми вопросами как правильно подшиваться и заворачивать портянки, и ни для кого не секрет, что многие ребята не умею этого делать. Прививать самостоятельность в бытовой жизни военнослужащих является одним из наиважнейших аспектов в военно-патриотическом воспитании молодёжи.

Кроме сборов в нашей школе проводятся военно-спортивные игры, в которых отражены не только спортив-

ные мероприятия, но и такие мероприятия, как оказание первой медицинской помощи, проведение викторин на знание Уставов ВС РК, оружия и т.д. Кроме того, военные руководители обязаны контролировать сдачу президентских тестов и тем самым знать реальную обстановку о подготовке молодёжи в физическом отношении.

Заключение

Систематическое, целенаправленное, научно обоснованное воздействие органов образования, педагогического коллектива школы, семьи и общественности в целях достижения оптимальных результатов в формировании у учащихся готовности к защите родного Отечества станет возможным благодаря постоянному вниманию общественных и государственных организаций.

Большие и сложные задачи, стоящие перед школой по военно-патриотическому воспитанию учащихся, могут быть успешно решены только в том случае, если эта работа будет строиться на реально обоснованных планах.

Военно-патриотическое воспитание школьников – кровное дело всего педагогического коллектива школы. И это чётко должно быть отражено в планах военно-патриотической работы.

С.А. КУЗНЕЦОВ,
учитель НВП школы-лицея №4
г. Рудный,
Костанайская область.



Развитие критического мышления у учащихся начальных классов как один из способов формирования ключевых компетенций

Цель: показать, что использование приёмов Технологии развития критического мышления в педагогической деятельности способствует активизации познавательной деятельности учащихся и формирует их ключевые компетенции. Современная начальная школа — это новый этап в жизни ребёнка и база для всего последующего обучения. Выходя из стен начальной школы ученик должен прежде всего овладеть главным умением — учиться. Об этом говорят новые образовательные стандарты. Принципиальным отличием новых образовательных стандартов является их ориентация на развитие способности ребенка к саморазвитию и самосовершенствованию путем сознательного и активного присвоения нового социального опыта. На смену «знаниевому подходу» приходит подход «компетентностный». Современное образование озабочено не столько тем, чтобы «накормить» ребенка, сколько тем, чтобы научить его «добывать и готовить пищу», привить вкус к учебной деятельности, самообразованию. Что такое компетенция? Компетенция — готовность человека к мобилизации знаний, умений и внешних ресурсов для эффективной деятельности в конкретной жизненной ситуации, готовность действовать в ситуации неопределенности.

Ключевые компетенции:

Ценностно-смысловая — способность видеть и понимать окружающий

мир, ориентироваться, умение, принимать решения.

Информационная — навык деятельности ученика с информацией, содержащейся в учебных предметах и образовательных областях, а также в окружающем мире.

Коммуникативная — знание способов взаимодействия с окружающими и событиями, навыки работы в группе, владение разными социальными ролями в коллективе.

Учебно-познавательная — знание способов взаимодействия с окружающими и событиями, навыки работы в группе, владение разными социальными ролями в коллективе.

Если образовательная подготовка имела целью формирование и развитие ключевых компетенций, то учащийся, прошедший её, должен «уметь»:

- извлекать пользу из опыта;
- организовать взаимосвязь своих знаний и упорядочить их;
- организовать свои собственные приёмы обучения;
- уметь решать проблемы;
- самостоятельно заниматься своим обучением.

Ключевыми словами в характеристике компетенций являются слова:

- Искать (Опрашивать окружение, консультироваться у учителя, получать информацию).
- Думать (Устанавливать взаимосвязи между прошлыми и настоящими со-



бытиями; занимать позицию в дискуссиях и вырабатывать своё собственное мнение; оценивать социальные привычки, связанные со здоровьем, с окружающей средой, оценивать произведения искусства и литературы).

- Сотрудничать (Уметь работать в группе, принимать решения, улаживать разногласия и конфликты, договариваться, разрабатывать и выполнять взятые на себя обязанности)

- Приниматься за дело (Включаться в группу или коллектив и внести свой вклад, организовать свою работу, пользоваться вычислительными приборами).

- Адаптироваться (Стойко противостоять трудностям, находить новые решения).

Из этого следует, что обучающиеся должны:

- Проявить способность мобилизовать полученные ранее знания.

- Проявить способность доказывать свою точку зрения.

- Суметь организовать взаимосвязь прошлых и настоящих знаний в решении конкретной ситуации, т.е. пользоваться приобретёнными ранее компетенциями.

- Знания, полученные таким образом, оказываются более прочными и качественными.

Актуальность

Ведущая идея педагогического опыта: рассмотрение возможности включения в традиционный урок приёмов ТРКМ.

Технологию развития критического мышления можно использовать на уроках познания мира, литературы, русского языка, реже — на уроках математики (например, кластер).

Основу технологии составляет трёх-фазовая структура урока:

1 фаза Вызов — активизировать, заинтересовать учащегося, «вызвать» имеющиеся знания, создать ассоциации по изучаемому вопросу.

2 фаза Осмысление — активизировать, заинтересовать учащегося, «вызвать» имеющиеся знания, создать ассоциации по изучаемому вопросу.

3 фаза Размышление (рефлексия) — происходит обобщение, и присвоение информации; вырабатывается собственное отношение к изучаемому материалу.

Элементы технологии критического мышления:

- Кластеры;
- Синквейны;
- Верите ли вы, что...;
- Чтение с остановками;
- Логические цепочки;
- Мозговой штурм;
- «Толстые» и «тонкие» вопросы;
- Таблица «Знаю — Хочу узнать — Узнал»;
- Бортовой журнал;
- Ассоциации.

С прошлого учебного года пробую внедрять в свою педагогическую деятельность элементы технологии критического мышления. Почему бы не попробовать и в 1 классе, на уроках обучения грамоте. Важнейшей задачей уроков обучения грамоте является осознание учащимися звуковой основы языка, освоение действий звукового анализа, знакомство с такими понятиями как «речь», «предложение», «слово». Всё это ребёнок познаёт с помощью особых умственных операций, которыми являются анализ, синтез, сравнение,



абстракция, конкретизация и обобщение. И цель технологии «Развитие критического мышления» состоит в развитии мыслительных навыков учащихся, необходимых не только в учёбе, но и в дальнейшей жизни (умение принимать взвешенные решения, работать с информацией, анализировать различные стороны явлений). Применяя эту технологию в педагогической деятельности, посредством специально созданных учебных и познавательных ситуаций мы развиваем познавательные способности и процессы личности: разные виды памяти (слуховой, зрительной, моторной), мышление, внимание, восприятие. Также развитие критического мышления направлено на удовлетворение потребностей личности в уважении, самоутверждении, общении, игре и творчестве. Основу технологии составляет трёхфазовая структура урока: вызов, осмысление, рефлексия. Но опыт показывает, что моделировать урок в этой технологии не просто (особенно в 1 классе, в начальной школе). Поэтому я ограничилась только элементами.

1. Кластеры – графические синтезаторы.

Они показывают несколько различных типов связей между объектами или явлениями. При их составлении используются приёмы аналитической и синтетической работы над звуковым и буквенным составом слов, что способствует развитию у детей фонематического слуха.

2. Синквейны.

Эти упражнения позволяют развивать такие мыслительные операции как анализ, синтез, конкретизация, обоб-

щения, развивают творческие способности, способствуют формированию у детей произвольного отношения к родной речи, упражняют в подборе слов по вопросам, преобразовании слов.

Пример: изучаем стихотворение «Зима пришла» (стр. 103, «Букварь») и составляем синквейн.

Вопросы на доске – дети называют ответы, либо печатают (хорошо интегрировать с ИЗО).

3. Приём «Верите ли вы, что...»

Этот приём позволяет анализировать, сравнивать, развивать воображение, умение доказательно обосновывать своё мнение (можно использовать квадрат зеленого цвета – да, квадрат красного цвета – нет).

- Верите ли вы, что в русском языке 10 гласных?
- Верите ли вы, что в русском языке 36 букв?
- Верите ли вы, что буква П следует за буквой О?
- Верите ли вы, что Ь (мягкий знак) имеет звук? и т.д.

В первом классе я использовала эти элементы, но существуют ещё, не менее интересные. Обобщая всё вышесказанное, я думаю, что эта технология заинтересовала многих и многие поняли, что она отвечает целям современного образования и является одной из приоритетных, т.к. способствует интерактивному включению учащихся в образовательный процесс.

Л.М. ТОРОПОВА,
учитель начальных классов
гимназия №21
г. Рудный
Костанайская область.



Информатика, физика, математика пән бірлестіктерінің даму болашағы



**Гаухар
Кішкенбайқызы
РАХЫМЖАНОВА,
№5 И.В. Панфилов
атындағы мектеп-
лицейдің физика пәні
мұғалімі.
Қызылорда қаласы.**

Қазіргі уақытта мектеп өтпелі кезеңде жұмыс жасап келеді. Жаңа бағдарламалар мен курстардың, педагогикалық технологиялардың пайда болуы кәсіби шеберліктің деңгейін көтеруге, білім берудің мазмұнын жаңартуға, оқушылармен жұмыстың әдіс-тәсілдері мен түрлерін арттыруға әсер етеді.

Осыған байланысты мұғалімге ұжымда шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік беретін жүйелі, жоспарлы жұмысты ұйымдастыра алатын әдістемелік бірлестіктердің рөлі артады.

Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы білім берудің қазіргі талаптарына сәйкес жоспарланады және жүзеге асады: білім беру процесіне жаңа технологияларды ендіру, жеке тұлғаны және оқушы ұжымын диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Әдістемелік бірлестіктің ең басты мәселесі — мұғалімдердің ерік-жігерін біріктіру, жаңару процесіне қатысуға ниет білдірген әрбір мұғалімге қолайлы жағдай жасау, өзара түсінушілік пен

шығармашылығына сенім білдіреді.

Осыны негізге ала отырып баланың тұлға ретінде қалыптасуына, оның қызығушылығы мен қабілетіне қарай оқу-тәрбие процесі бағытталады.

Әдістемелік бірлестіктің жұмысы педагогикалық мәселенің қойылуынан басталады. Мемлекеттің білім беру саясатына орай мектептің Әдістемелік кеңесінің мәселесін негізге алу керек. Осыған сәйкес әрбір мұғалім өзінің әдістемелік тақырыбы мен есеп түрін тандайды.

Әдістемелік кеңестің дамуына әсер ететін кейбір тарауларға тоқтала кетсек:

Жоспар. Мектептің әдістемелік кеңесі мен ИФМ әдістемелік бірлестігі қойған мәселені негізге ала отырып, жаңа оқу жылына күнтізбелік жұмыс жоспары ағымдағы оқу жылының аяғында жасалады. Мысалы, ашық сабақтар мен сабақтан тыс іс-шаралар





тақырыптары таңдаған мәселеге сәйкес болу керек. Күнтізбелік жоспарлар, мұғалімнің баяндамалары жаңа педагогикалық технологиялар бойынша жасалады.

Әдістемелік бірлестіктің басты міндеті — оқыту мен үлгерімнің сапасын көтеру. Бұл мәселені бақылау мен талдау үнемі жүргізілсе, ойдағыдай шешуге болады. Тоқсандық және жылдық бағалау, ағымдағы бақылау жұмыстарын кесте, график, мониторинг түрінде «5», «4», «3», «2» бағалары бойынша әр сыныпқа және параллель бойынша көрсете білу керек. Осыдан үлгерім мен білім сапасы пайыздық көрсеткіші шығады. Нәтижелері салыстырылады, талданады, сосын қорытынды жасалады. Жоспарда бекітілген мерзімде ИФМ пәндерінен аралық бақылау жасалып, оқу жылы бойынша үлгерім мен білім сапасының жағдайы туралы мәлімет алуға болады. Содан кейін жіберілген қателер бойынша талдауды негізге ала отырып, қай сынып осы тақырыпты жақсы меңгерді, келесі тақырыптарды меңгеру кезінде қайда көбірек көңіл аудару қажеттігі қорытындыланады.

Әдістемелік бірлестіктің жетекшісі әрбір бірлестік мүшесінің жұмысына әр тоқсан, жарты жылдық, жылдық мониторинг жасай отырып, оқытудың тиімді жолдарын анықтайды.

Әдістемелік бірлестіктің жұмыс мазмұнында оқушылардың сабақтан тыс уақытта жүргізілетін ғылыми-зерттеу, танымдық жұмыстарының негізгі бағыттары мен түрлерін жасау (олимпиадалар, аукциондар, пәндік апталықтар) өте маңызды болып табылады. Сабақ-

тан тыс жұмыстар пәндер бойынша маңызды мәселелерді шешеді: оқушылар білімдерін жаңа қызықты фактілер мен түсініктемелермен байытады, ИФМ ғылымдарына қызығушылығы артады.

Мектепішілік олимпиадалар мен пәндік апталықтар ең көп таралған және жүйелі жүргізілетін оқушылардың ұйымдасқан түрде қатысатын іс-шаралардың бірі болып табылады.

Мектепішілік пәндік олимпиадалар — оқушылардың ИФМ ғылымдарына танымдық қызығушылығын дамытатын сабақтан тыс жұмыстың маңызды түрі. Олимпиадаға дайындық кезінде қызықты мәліметтері бар қабырға газеттерін шығаруға, арнайы жаттығу жұмыстарын жариялауға, викториналар жүргізуге жоғары сынып оқушыларымен конференциялар өткізіліп тұрады. Олимпиадаларды ұйымдастыру кезінде берілетін тапсырмалардың қызықты, мазмұнды, ерекше болу қажет.

Оқушылардың сабақтан тыс жұмысын ұйымдастырудың тағы да бір түрі — пәндік онкүндіктер. Пәндік онкүндіктер кешенді іс-шара болып табылады: кештер, конференциялар, білім сайыстары, газеттер сайысы, тәрбие сағаттары. Пәндік онкүндіктерді өткізуде мектепте ИФМ пәндерінің сабақтан тыс жұмыстары қаншалықты дұрыс жүргізілгендігі жөнінде мәлімет алуға болады. Ерекшелігі — пәндік онкүндіктерде пәндер бойынша жеке, топтық және ұжымдық жұмыстар жүргізіледі.

Әдістемелік бірлестіктің мұғалімдері оқу процесіне оқытуды ұйымдастырудың жаңа түрлерін, педагогикалық әдістер мен технологияларды ендіру



және ашық сабақтарда қолданады. Сабақтың дәстүрлі емес түрлерін: ойын-сабақ, саяхат-сабақ, жоғары сыныптарда диспут-сабақтарды жүргізіп, сабақтарда мәселені шешетін жағдай жасайды. Бірлестіктің әдістемелік жинағы сыныптан тыс іс-шаралардың жоспарымен толықтырылады. Мұғалімдер ҰБТ, МАБ дайындыққа қажет теориялық және практикалық материалдарды жинақтау жұмысымен айналысады. Барлық пәндерден пән мұғалімдері тест тапсырмаларының жиынтығын жасап, оны толықтырып отырады. Әдістемелік бірлестіктің жұмысын ақпараттық қамтамасыз ету үшін жаңа әдістемелік нұсқаулықтармен танысып, әдістемелік бірлестіктің отырысында мұғалімдер баяндама жасап, хаттамаланады.

Әдістемелік бірлестіктің жұмысына сонымен бірге мұғалімдерді аттестациялау, біліктілігін көтеру, педагогтың жеке даму бағдарламасын (өздігінен білім алу жоспары) жасау кіреді.

Әдістемелік бірлестік жетекшісінің маңызды функционалдық міндеті — тек жұмысты жоспарлау, дайындау өткізу және талдау ғана емес, сонымен бірге әдістемелік бірлестіктің жұмысы жайлы уақытылы құжаттарды дайындау болып табылады. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты құжаттарды электронды түрге айналдыру заман талабына сай болып келеді. Сол себепті ИФМ бірлестігінің сайты құру жоспарланып отыр. Онда мына бөлімдер бойынша жұмыс жасалады:

1. ИФМ бірлесітігі бойынша мұғалімдер жайлы мәлімет;

2. Пән мұғалімдердің сағат жүктемесі мен олардың сабақ кестесі;

3. Мұғалімдердің біліктілігін көтеру мен аттестациядан өтудің перспективті жоспары;

4. Бақылау, зертханалық, практикалық жұмыстардың мерзімі;

5. Дарынды оқушылармен жұмыс;

6. Нашар оқитын оқушылармен жұмыс;

7. ҰБТ, МАБ дайындық;

8. Пән кабинеттерінің жабдықтауы;

9. Оқу жылын қорытындылау.

Оқу жылын қорытындылау бөлімінде ағымдағы оқу жылы бойынша әдістемелік бірлестіктің жұмысы түбегейлі талданады. Қорытындылау кезінде мына жағдайларға көңіл аударылады:

1. Пәндер бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларының сапасын талдау;

2. Мектепішілік, қалалық, облыстық, республикалық пәндік олимпиадалардың нәтижелерін талдау;

3. Пәндік онкүндікте өткізілген сыныптан тыс жұмыстар;

4. Келесі оқу жылына ИФМ әдістемелік бірлестіктің жұмысын жоспарлау. Оқу жылы бойынша Әдістемелік бірлестік жұмысын бағалау.

Біздің мектеп-лицейдегі ИФМ пән бірлестігінің тәжірибесі басқа да білім беру мекемелеріне қажет болады деп ойлаймын. Өзімнің жетекшілік ететін әдістемелік бірлестіктің жұмысын «Білім алу — батылдық, оны толықтыру — даналық, ал шебер қолдана білу — өнер» деген сөздерімен бағалаймын.



Математиканы оқытудағы аналогия әдісінің рөлі



**Жазира
МИРМАНОВА,
№5 И.В.
Панфилов атындағы
мектеп-лицейдің
математика пәні
мұғалімі.
Қызылорда
қаласы.**

Оқыту әдістері мұғалім мен оқушылардың оқу-тәрбие жұмысының міндеттерін ойдағыдай шешуге бағытталған өзара байланысты іс-әрекетінің тәсілдері. Әдіс жалпы мағынасында мақсатқа жету іс-әрекетін нақты ретке келтіру тәсілдері. Оқыту әдістері оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғызуы тиіс, яғни, оқушылардың ойын дамытады, өз бетінше ізденіп жаңа білімді игеруге ықпал жасайды.

Оқыту әдісі мақсатқа жетудің саналы түрде қолданылатын тәсілі, ал мақсатқа жету мұғалімнің шеберлігіне, оның оқыту процесін тиімді ұйымдастыра білуіне, оқушылардың даярлық дәрежесіне, мұғалім мен оқушылардың белсенділік педагогикалық ынтымақтастығына байланысты.

Математиканы оқыту теориясы мен оқыту методикасында оқытудың ғылыми әдістері айрықша орын алады. Математиканы оқытудың ғылыми әдісте-

рін игеру, оқыту процесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Пән ретінде математика тек өзіне тән белгілермен ерекшеленеді. Ол белгілердің ең бастысы — оқып үйренетін ұғымдардың неғұрлым жалпылығы, мұның өзі алғашқы математика сабақтарында-ақ бой көрсетеді. Сондықтан оқу процесінде математикалық ұғымдарды қалыптастырғанда да, сол ұғымдарды іс жүзінде қолдануда да осы ерекшеліктерді бейнелейтін әр алуан әдістерді пайдалану қажет. Сонымен бірге, оқытудың ғылыми әдістерін қолдану шәкірттердің ойлауын дамытатынын, олардың жалпы мәдениетін көтеретінін, математика сабақтарында қалыптасқан тәсілдер мен ұғымдарды кәдеге жарату қабілетін шындайтынын айрықша атап өткен жөн. Математиканы оқытудың ғылыми әдістері: 1) бақылау мен тәжірибе 2) салыстыру және аналогия 3) анализ бен синтез 4) индукция мен дедукция 5) жалпылау мен тарату 6) абстракциялау мен нақтылау жатады.

Математиканы оқытудағы кеңінен қолданылатын ең тиімді әдістердің бірі — аналогия әдісі болып табылады. Бұл әдіс оқушыларды ізденуге ұмтылдырады және математикаға қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар аналогия әдісінің кеңінен қолданылуы оқушыларға оқу материалын жеңіл және тиімді ұғынуға мүмкіндік береді (соны-



мен қатар білімнің өзекті болуына себеп болады).

Аналогия (грекше *analogia* — сәйкестік, ұқсастық) — объектілердің кейбір белгілерінің ұқсастығына сүйеніп, олардың басқа белгілерінің де ұқсас болатындығы туралы қорытынды шығаратын таным әдісі. Аналогия бойынша қорытынды жасауды сұлбелік түрде былай көрсетуге болады. Егер қарастырылып отырған A және B объектілерінің ортақ қасиеттері $c_1, c_2, \dots, c_n$, болып және A объекті тағы да d деген қасиетке ие болса, онда B — да d қасиетке ие болады деген қорытынды жасалады.

Аналогияның айрықша сипаты — бір жүйедегі қатыстар мен қасиеттерді екінші жүйеге көшіру болып табылады. Оқушылардың бір объектіні оқып үйренудегі білімдерді екінші объектіге көшіру қабілетін қалыптастыру оқытудағы ең маңызды мәселе.

Сондықтан математика мұғалімі аналогия әдісін меңгеріп, оның әрбір түрін сабақ беру үрдісінде еркін қолдана білуі және аналогия бойынша жасалынып жатқан қортындыны шындыққа жақындататын факторларды білуі тиіс.

Оқыту үрдісінде аналогия жаңа білімдерді қалыптастыру, бұрын оқытылған материал мен жаңа материал арасындағы байланысты тағайындау, математикалық ұғымдардың қасиеттерін дәлелдеу, алынған білімдерді қолдану және практикалық тексеруде т.б. түрде қолданыс табады.

Математика тарихында теорияның дамуында аналогияның үлкен рөл атқарғаны туралы мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Мысалы, көпөлшемді геометрияның негізгі ұғымдарын енгізу жазықтықтағы және үшөлшемді кеңістіктегі негізгі ұғымдардан аналогияны пайдалану нәтижесінде келіп шықты. Комплекс айнымалысы бар функция нақты айнымалысы бар функцияға аналогия негізінде пайда болған. Комплекс айнымалылар функцияның теориясын құруға нақты айнымалы функцияларды зерттеу әдістерімен аналогияны пайдаланған.

Бұрын оқытылған материал мен жаңа материалды оқыту арасындағы байланысты тағайындауда аналогияны пайдалануға мысалдар қарастырайық. Мысалы, шардың (сфераның) диаметрі ұғымын енгізуді былайша жүргізуге болады: мектептің планиметрия курсына дөңгелектің (шеңбердің) диаметрі, дөңгелек шеңберінің (шеңбердің) кез келген екі нүктесін қосатын хордалардың (кесінділердің) ең үлкені ретінде анықталады, стереометрияда да шардың (сфераның) диаметрі дәл сол сияқты анықталады.

Мектеп математика курсына екі түзудің параллельдігінің анықтамасынан аналогияны пайдаланып, жазықтықтардың параллельдігі немесе түзу мен жазықтықтың параллельдігінің анықтамалары тұжырымдалады.

Мектеп курсына геометрияда көптеген стереометриялық деректер аналогиялық планиметриялық деректермен пәнішілік байланыс орнатпай — ақ мазмұндалады. Оған мысал ретінде «Үшбұрыш және оның қасиеті» және «Тетраэдр және оның қасиеті», «Шеңбер, дөңгелек және оның қасиеті» және



«Сфера, шар және оның қасиеті» және т. б. тақырыптарды ала аламыз. Осының бәрі геометрия курсынағы сызықтық салулардың салдарлары. Жазықтық және кеңістіктік тақырыптарды байланыстыру – курстың сызықтық – концентрациялық ұйымдастыруы негізінде мақсатты түрде жүзеге асырылады. Алдымен осы жағдайды теориялық жағынан ашамыз, содан кейін практикалық аспектісін қарастырамыз.

Есеп 1.

«Егер үшбұрыштың биіктігін m бірлікке арттырса, оның ауданы қалай өзгереді?»

Шешуі. $S = S \cdot ah$

a – үшбұрыштың табан қабырғасы, ал h – үшбұрыштың биіктігі.

$$S_1 = S \cdot a(h + m) = S \cdot ah + S \cdot am$$

$$S - S_1 = S \cdot am$$

Геометриялық көзқарас тұрғысынан берілген үшбұрыштың ауданының арттырылуы табан қабырғасы a және биіктігі t болатын үшбұрыштың ауданына тең.

Есептің аналогиясы стереометрияда: «пирамида берілген. Егер оның биіктігін m бірлікке арттырса, көлемі қалай өзгереді?»

Шешуі:

$$V = \frac{1}{3} S_{\text{таб}} \cdot H$$

$$V_1 = \frac{1}{3} S_{\text{таб}} \cdot (H + m) = \frac{1}{3} S_{\text{таб}} \cdot H + \frac{1}{3} S_{\text{таб}} \cdot m$$

$$\text{Осыдан } V_1 - V = \frac{1}{3} S_{\text{таб}} \cdot m$$

Яғни, көлемнің арттырылуы табан ауданы мен биіктігі m бірлік болатын пирамида көлеміне тең.



Жер – ғарыш денесі



Жансая БЕЙСЕНБЕКОВА,
«Жезкент орта мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі.
Бородулиха ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы.

Тараудың мақсаты: адам ғарыш айлағын қалай зерттеді, зымыран атаулары, алғаш ғарышқа ұшқан ғарышкерлер, олардың зерттеу кезінде қолданған құралдары жайлы танысады, біледі.

Жалпы мақсаты	Мәтіннен ертедегі ғарыш пен қазіргі ғарышты зерттеудің түрлерімен танысады, «Байқоңыр» ғарыш айлағы туралы мәлімет алады, тұңғыш ғарышкерлермен танысады, олардың зерттеу нысаны мен уақытын біледі.
----------------------	--



Оқу нәтижелері	Барлығы: Мәтінді түсініп оқи алады. Ғарышкерлер туралы барлық мәліметті біледі. Көпшілігі: Ұшу айлағы мен зымырандар аттарын, әр ғарышкердің ұшу уақыты мен зерттеген жұмыстарын, ғаламшарлардың орналасу ретін біледі. Кейбіреуі: ғарышкерлер киімінің атауы мен ғарыш станцияларындағы құралдардың аттарын ұялы телефонда еркін іздеп, анықтай алады, үш тілді біледі, кез келген сұраққа жауап бере алады.
Белсенді оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер» модулі, «Оқу мен оқыту үшін бағалау» модулі, «Ойсергектер» стратегиясы, «Сандық жұмбақ» ойыны, «Сұрақты ұстап ал» стратегиясы. «XXI ғасыр көшбасшы» ойыны негізінде.
Бағалау	Топтық бағалау
Негізгі дереккөздер	Дүниетану оқулығы, 4-сынып, ғарышкерлер суреттері, мәтін мазмұнына сәйкес суреттер топтамасы, жұлдыздар, «Көңіл-күй» картасы, 8 ғаламшар, ойынға қажетті жазбалар, т.б.
Сабақ негізделген оқу мақсаты	Ғарыш туралы түсініктері кеңейеді, ойын еркін жеткізе алады, кез келген ақпаратты ғаламторда таба алады, ғарыш әлемін қалай зерттегені туралы оқып, танысады.
Табыс критерийлері	Барлығы: мәтінді түсініп оқи алады. Ғарышкерлер туралы барлық мәліметті біледі.
	Оқушылардың басым бөлігі: ұшу айлағы мен зымырандар аттарын, әр ғарышкердің ұшу уақыты мен зерттеген жұмыстарын, ғаламшарлардың орналасу ретін біледі.
	Кейбір оқушылар: ғарышкерлер киімінің атауы мен ғарыш станцияларындағы құралдардың аттарын ұялы телефонда еркін іздеп, анықтай алады, үш тілді біледі, кез келген сұраққа жауап бере алады.
Тілдік мақсат	Айтылым: мәтінді мазмұндау.
	Оқылым: мәтінді оқу.
	Жазылым: сұрақтарға жауап жазу.
	Тыңдалым: ән тыңдау.
Алдыңғы оқу	Жарық пен жылу көзі күн, күннің басқа жұлдыздармен ұқсастығы, адамдар күн қуатын қалай пайдалануы жайында сұраққа жауап алу.




Жоспар		
Жоспарланған уақыты	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Ұйымдастыру	«Шаттық шеңбері» Армысың, Алтын күн! Армысың, Көк аспан! Армысың жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым бос! «Сұрақты ұстап ал» ойыны. - Жерге ең жақын жұлдыз не? «КҮН» тобы (1-қатар) - Жердің серігі не? «АЙ» тобы (2-қатар) - Глобус ненің үлгісі? «ЖЕР» тобы (3-қатар) («Жер», «Күн», «Ай» суреттері бойынша топқа бірігу) (сабақ мақсаты мен өтілу әдісі түсіндіріледі)	«Жер», «Күн», «Ай» суреттері Оюлы қапшық, «Жер», «Күн», «Айдың» қима суреттері
Үй тапсырмасы	МК: «БӘЙГЕ» бөлімі. - Күн дегеніміз не? (Күн жүйесінің орталығы) - Ғарыш кеңістігіндегі денелерді ата? (Жер, Ай, Күн) - Жерге ең жақын орналасқан жұлдыз? (Күн) - Ғарыш айлағы дегеніміз не? (Ғарыш серіктері, ғарыш кемелері, зымыран ұшыратын орын) - Ғарыш айлағы қалай аталады? (Байқоңыр) - Күннің жердегі тіршілік үшін маңызы қандай? (Күн біздің ғаламшарды жылытады, жарық түсіреді. Күннің жарығынсыз жылуынсыз жерде тіршілік болуы мүмкін емес) - Күн жүйесінің ғаламшарларын кім зерттейді? (Географтар) - Адамдар күннің қуатын қалай пайдаланған? (Адамдар күннің қуатын электр энергиясын өндіруге, үй жылытуға, жеміс-жидек, астықты кептіруге, түрлі сырқатты емдеуге пайдаланған. Күннен қуат алатын күн батареяларын жасап шығарған)	Ғаламшарлар суреттері ☆ Оңай сұрақ ☆☆ Орташа сұрақ ☆☆☆ Қиын сұрақ



Жаңа сабақ	ҰЖ: «Ән сандық» бөлімі. Әнді шырқап жатқан әнші кім? Ән не туралы? «Байқоңыр» жері туралы естігендерің бар ма? Бүгін ендеше біз сендермен Ғарышқа жол ашқан ғарышкерлермен танысамыз. 12 сәуір – «Ғарышкерлер» күні екенін айтып өту.	Үнтаспадан «Байқоңыр» әнін тыңдау
Оқулықпен жұмыс	ТЖ: Оқулықтан жаңа сабақ бетін ашып, топтарға мәтін бөлініп беріледі. «КҮН» тобы; «АЙ» тобы; «ЖЕР» тобы.	Дүниетану оқулығы, 100-бет.
Көңілді үзіліс	МК: Проблемалық сұрақ: Күн болмаса, Жер бетінде не болар еді? «Әрқаша күн сөнбесін!» әнін шырқау.	
Жаңа сабақты бекіту	«Суреттер сөйлейді» бөлімі. Әр топ оқыған мәтін бөлігін постер жасап, қорғау. (Қорғау жұмысы) Тақырып аясында робототехника жөнінде қысқаша мәлімет беру. Қазіргі ақпараттық-техникалық заманда қарқынды дамып келе жатқан жоғарғы технологиялардың бірі – роботтар жасау техникасы.	Мәтін мазмұнына сәйкес суреттер. Ғарыш айлағына ұшырылған
	Роботтар, әсіресе, ғарышты зерттеу жұмыстарына ерте кезден бастап-ақ пайдаланылған. Мысалы 1970 жылы Байқоңыр ғарыш айлағынан Айдың топырағын зерттеу мақсатында арнайы робот ұшырылған. Ол робот Луноход деп аталған. Робот техникасының тарихы туралы фотоларды тамашалау.	Луноход роботының суреті.
Дәптермен жұмыс	ЖЖ: «Тіл өнері» бөлімі. Мәтін мазмұнына сәйкес берілген сөздерді үш тілде аудармасын жазу. (Әр жұпқа бір сөзден беріледі) Ауа – воздух – air. Ғаламшар – планета – planet. Ай – луна – moon. Жұлдыз – звезда – star. Ғарыш – космос – space. Күн – солнце – Sun. Жер – земля – Earth. Аспан – небо – sky. Ғарышкер – космонавт – astronaut.	Ұялы телефон, ағылшын-орыс сөздігі



Қорытынды	«Ақтық мәре» бөлімі. «Сандар қосындысы» ойыны  1. «Жұлдыз» сөзі кездесетін қандай ән білесің? 2. «Ғарышкер» туралы қандай тақпақ білесің? 3. Ғарыш әлемінде ән салған ғарышкер кім?	Түстерге жазылған сұрақтар, бейне таспадан «Айдын Айымбетовтің ғарыштан оралу» кезін тамашалау
Бағалау	«Көшбасшы» тобын анықтау. Жұлдызды көп жинаған топ жеңіске жетеді.	Жұлдыздар
Рефлексия	Оқушылар үнін тыңдау.	
Үйге тапсырма	Ғарышкер ағаларымыз жайлы мәлімет жинау.	Ғаламтор желісі, әдеби оқулықтар



«Брейн-ринг» танымдық сабақ



Асия Ердебековна БОТАБЕКОВА,
 Кентау көпсалалы колледжінің информатика пәні оқытушысы.
 Кентау қаласы,
 Түркістан облысы.

Сабақтың тақырыбы	«Брейн-ринг» танымдық сабақ (Ақпараттық процестермен жүйелер тарауы бойынша)
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	1. SQL деректер қорын әзірлеу даму заңдылықтарын сипаттайтын мысалдар келтіру; 2. Ақпараттық технологияларды дамытудағы қазіргі заманғы процестер туралы мәліметтер жинақтау;



	3. Машиналық оқыту принциптері, нейрондық желілердің жұмыс жасау принциптерін білу; 4. Жасанды интеллекті қолдану аясына мысалдар келтіру; 5. Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістері мен электронды үкімет порталы жайлы ақпарат алу; 6. Интернет сатылымдар туралы мәліметтер жинақтау.
Сабақ мақсаттары	1. SQL деректер қорын әзірлеу даму заңдылықтарын сипаттайтын мысалдар келтіреді; 2. Ақпараттық технологияларды дамытудағы қазіргі заманғы процестер туралы мәліметтер жинақтайды; 3. Машиналық оқыту принциптері, нейрондық желілердің жұмыс жасау принциптерін біледі; 4. Жасанды интеллекті қолдану аясына мысалдар келтіреді; 5. Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістері мен электронды үкімет порталы жайлы ақпарат алады; 6. Интернет сатылымдар туралы мәліметтер жинақтайды. Сабақтың мақсаты бойынша саралау. Барлық білім алушылар: - SQL деректер қорын әзірлеу даму заңдылықтарын сипаттайтын түсінеді; - Ақпараттық технологиялар ұғымын біледі; - Машиналық оқыту принциптері, нейрондық желілердің жұмыс істеу принциптерін түсінеді; - Жасанды интеллекті ұғымын қолданыста қолдана алады; - Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістері мен электронды үкімет порталы жұмысы жайлы хабар ала алады; - Интернет сатылымдар бойынша жұмыс жасай алады; Көпшілік білім алушылар: - SQL деректер қорын әзірлеудің түрлі ерекшеліктерін табады; - Ақпараттық технологиялардың даму үрдістерін көрсете алады; - Машиналық оқыту принциптері мен нейрондық желілердің айырмашылықтарын таба біледі; - Жасанды интеллекті қолдану аясымен жұмыс атқара алады; - Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістері мен электронды үкімет порталы салыстырмалы түрде біледі; - Интернет сатылымдармен жұмыс атқарады; Кейбір білім алушылар: Барлық тақырыптар бойынша ажыратып, түсіндіріп, талдай алады, қорытынды жасайды;



Бағалау критерийлері	• SQL деректер қорын әзірлеуде кестенің түрлерін ажыратады; • Ақпараттық технологияларды дамытудың жолдарын қарастырады; • Машиналық оқыту принциптері мен нейрондық желілердің түрлерін ажыратып жұмыс жасайды; • Жасанды интеллекті қолдану аясын толықтырады; • Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістері мен электронды үкімет порталымен жұмыс жасай алады, • Интернет сатылымдармен жұмыс атқарады Дескриптор: 1. SQL деректер қорын әзірлеуде кестенің түрлерін ажыратады; 2. Ақпараттық технологиялармен жұмыс жасайды; 3. Машиналық оқыту принциптері мен нейрондық желілермен жұмыс жасайды; 4. Жасанды интеллектімен байланыс жолдарын біледі; 5. Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістері мен электронды үкімет порталымен жұмыс жасай алады 6. Интернет сатылымдар жолымен жұмыс жасайды.
Дағдылар	Сыйластық, ынтымақтастық пен ашықтық құндылықтарын дарыту топтық жұмыс және ұжымдық талқылау арқылы жүзеге асырылады; бұл қызмет түрлері оқушылардың шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлай алатын мейірімді және коммуникабельді тұлғаның қасиеттерін дамытуға бағытталған. Қазіргі заманғы есептеуіш техника құралдарымен жұмыс істеу кезінде Эргономика талаптарының маңыздылығы, міндеттерді адал орындау. Денсаулық сақтау технологияларына сүйеніп жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу туралы білім алушылардың берік білімін қалыптастыру.
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты лексика мен терминология Жасанды интеллект, нейронды желі, интернет, цифрландыру Диалог құруға/жазылымға қажетті сөздер: ... үшін ең жақсысы..., өйткені ... Интернеттің негізгі сипаттамаларына ... Электронды үкімет ... қарағанда пайдалану тиімді болып табылады, өйткені...
Құндылықтарға баулу	Білім алушылар бір – бірінің пікірімен санасып, бір –біріне құрмет көрсетеді



Пәнаралық байланыс	білім алушылар барлық тарау бойынша айтылған тақырыптар ішінен керекті термин сөздерінің — ағылшын пәнінен алған аударма туралы білімдерін қолданады; сипаттағанда компьютер технология негіздері пәнінен алған білімдерін еске түсіреді																												
Алдыңғы білім	Құрылғылардың сипаттамалары — В.Г. Архипова «Бағдарламалау тілі», Р.А. Қадырқұлов «Информатика»																												
Сабақ барысы																													
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері			Ресурстар																									
Сабақтың басы 0-5 мин	Сәлемдесу. Сабаққа оң эмоционалдық көңіл күй сыйлау үшін <u>Ассоциация әдісін</u> қолдана отырып, «Күн шуағы» суретін пайдаланып, КӨҢІЛДІ АҚЫЛДЫ, КРЕАТИВТІ, ТАПҚЫР, ІЗДЕНІМПАЗ, ПОЗИТИВТІ, ТЫНЫШ, СЫЛБЫР, ЖЫЛДАМ БАЯУ, КӨҢІЛСІЗ сөздерінің ішінен қайсы сөз бүгінгі сабаққа тиісті деп ойлайсыздар деген назар аудару жаттығуларымен сабақты бастаймыз. Содан соң сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлері, дискриптормен таныстырып, сабақты тарауды аяқтап қорытындылау мақсатында төмендегідей тапсырмалар орындайтынымыздан бастаймыз.			 презентация																									
Сабақтың ортасы 5-35 мин	<u>Креативті матрица әдісі.</u> Білім алушыларға 2 тарауда қамтылған тақырыптар бойынша мәліметтер кестеде беріледі суретін дәптерге салу ұсынылады (немесе дайын суреттен белгілетуге болады) Сұрақтар бойынша толтырылады. «Креативті матрица» әдісі <table><tr><td>интернет</td><td>Қазақстанды цифрландыру</td><td>Электронды үкімет порталы</td><td>Жасанды интеллект</td><td>Интернет сатылымдар</td></tr><tr><td>Жүзеге асыратын кімдер?</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Қандай іс әрекет орындайды</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Қалай жүзеге асырылады</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Нәтижесі</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>			интернет	Қазақстанды цифрландыру	Электронды үкімет порталы	Жасанды интеллект	Интернет сатылымдар	Жүзеге асыратын кімдер?					Қандай іс әрекет орындайды					Қалай жүзеге асырылады					Нәтижесі					Презентация
интернет	Қазақстанды цифрландыру	Электронды үкімет порталы	Жасанды интеллект	Интернет сатылымдар																									
Жүзеге асыратын кімдер?																													
Қандай іс әрекет орындайды																													
Қалай жүзеге асырылады																													
Нәтижесі																													



· Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары.

«Электронды үкімет» порталы – Қазақстан азаматтарының және республика қонақтарының Қазақстан туралы, оның үкіметі, заңнамасы, ұлттық назар аударарлық орындары туралы ресми ақпарат ала алатын, сонымен қатар, онлайн режимде мемлекеттік органдар қызметіне ие болып және айыппұл төлеуге мүмкіндік беретін бірыңғай ресурс.

Дескрипторлар:


1. Білім алушылар түрлі бағытта кестеді мәліметтерді толтырады;
2. Әр тақырыпты ашып кестеге сұрақтармен жауап береді;
3. Олардың әрқайсының жұмыс жасау бағыттары мен нәтижелігін толығымен салыстырады.

Білім алушыларға түрлі логикалық тапсырмалар мен сұрақтар беріледі және оларға ауызша жауап береді.

Бұл кезеңде білім алушылар тақырыпты игеру үшін әрқайсысы өз ойларын ортаға салып, креативті ойлау қабілеттерін дамытады. Яғни «Санадағы бейнефильм әдісі. (слайд, видео) әр білім алушы өзінің жұмыстарын жеке дайындап өз ойларын ортаға салады.

Соңында дұрыс жауап берген білім алушыға түрлі балл беріледі.

<https://youtu.be/cVBMgcx-D1M>





	Дескриптор: - Берілген ауызша ойлау қабілеттерін арттыру мақсатындағы тапсырмада жұмыс жасап, ойын еркін жеткізе алады; - Креативті ойды қалыптастыруды жүзеге асырады; - Суретке қарап мағынасын мәтіннің мағынасын ашады. Компьютермен жұмыс білім алушыларға теориямен практиканы ұштастыру мақсатында түрлі тапсырмалар беріледі. Практикалық әдіс: Басқаларға қарағанда білім алушыларды тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйретеді, олардың бойында үнемді, шаруаға бейім сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталады. Практикалық жұмыс №1 Кестені құрып, жалпы соманы есепте. Тауар Саны Бағасы Жалпы сомасы Тоқаш 130 10 = $B2 * C2$ Самса 130 10 = $B3 * C3$ Шырын 140 10 = $B4 * C4$ Тақтайша 50 50 = $B5 * C5$ Орындық 15 100 = $B6 * C6$ =Сумм (D2: D7) Практикалық жұмыс №2 Берілген өрнектің мәнін тауып, кестені толтыр. $a \ b \ c \ (a+b)/c$ 12 36 3 123 121 4 45 135 9 Дескриптор: - Электрондық кестеде мәліметтерге қандай формулалар қолданылатынын айқындайды; - Компьютерлік сауаттылыққа мән бере отырып бағдарламалармен жұмыс жасай алады;	
--	---	--



	- Тапсырмалардың нәтижелерін компьютерде орындайды. Сабақты қорытындылау: «Блум түймедағы» әдіс. Бұл әдіс арқылы айтылған, көрсетілген мәліметті білім алушылар қолданып, жинақтап, талдайды. Атақты программистердің портреттерін жалпы олардың өмір баяны мен еңбектері туралы жылдам мағлұмат жинақтау «ПОПС» формуласы: Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... » Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...» Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... » Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...» дей отырып жоғарыдағыларға жауап береді. Дескриптор: - Берілген портреттерге қарап қандай ғалым екенін анықтап, сол адамның өміріне жеке тоқталады	
	Дескриптор: - Берілген портреттерге қарап қандай ғалым екенін анықтап, сол адамның өміріне жеке тоқталады - Креативті ойлау қабілеттерін дамытады - Жылдамдық, шапшаңдықты көрсете біледі - Ұлы адамдардың еңбектерінің мәнін ашады.	
Сабақтың соңы	Рефлексия түсінгендікті көрсету үшін «Табыс сатысы» әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі. 1-баспалдағы Мен ... білемін; 2-баспалдағы Мен ... түсінемін; 3-баспалдағы Мен ... жасай аламын.	Презентация, слайд



	Үшінші, оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс. «Бұрын мен білмеуші едім. Енді білемін» деген сияқты ой-пікірлерін білдіру болып табылады. Үйге тапсырма: 1. «Ақпараттық процестермен жүйелер» тарауы бойынша толық мәліметтерді толықтырып оқып шығу.	«Табыс сатысы» әдісі 
--	---	---



Ералы АЙТКУЛОВ,
Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы
мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының 7 б сынып
оқушысы
«Жас қаламгер» үйірмесінің мүшесі.
Подстепное ауылы,
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Менің атамекенім – Тасқала

Мен ауылымды қатты-қатты сағындым. Менің атамекенім – Тасқала ауылды мекені. Табиғаты керемет, шөбі шүйгін, ауасы таза, суы мөлдір ауылым. Мен жазғы демалыста ауылға баруға асығамын. Себебі онда әжем, туыстарым және достарым бар. Ол кісілер де мені асыға күтеді. Ауылымда асыр салып ойнап, рахаттанып демаламын. Миым тыныш, ештеңе ойламаймын. Дана халқым: «Ауылы бірдің – ауызы бір», - демекші, бәрі бір үйдің адамдарындай бір-біріне қайырымды, жан ашыр. Ауылда менікі, сенікі деген болмайды, бөлінбейді. Ауыл адамдарының жомарттығы ұнайды маған.

«Ауылын көріп, азаматын таны» деген сөз осыдан қалса болар. Алтын бесігім, кіндігім кесілген жерім. Хош иісі қандай? Таңнан кешке дейін доп қуып ойнаймын достарыммен. Кеште бәріміз мал қайыруға шығамыз. Шіркін, малдың артынан будақтаған қара топырақты да сағындым. Мені ауылда бәрі күтеді, сыйлайды. Мені жақсы оқу орнында оқығасын құрметтейді. Бәрі жабылып менің оқу орнымды және сыныптастарымды, ұстаздарымды сұрайды. Ал мен болсам болған қызықты оқиғаларды айтып беремін. Әжем менімен әрдайым мақтанамын, марқайып отырады. Менде үмітін ақтағым келеді сол әженің. Өсіп, жақсы білім алып жақсы азамат болғым келеді. Сол үшін талпынамын.

